

Функцияның графигіне жүргізілген жанаманың теңдеуі

№1. $x = x_0$ нүктесінде $y = f(x)$ функциясының графигіне жүргізілген жанаманың теңдеуін жазыңыз: $y = 0,2x^2 - 4$, мұндағы $x_0 = 2$

№2. Функцияның графигіне жүргізілген жанама Ox осіне параллель болатындай x – тің мәндерін табыңыз: $y = 2x^2 - 8x + 5$

№3. Абсцисса осімен қиылысу нүктелері арқылы $y = f(x)$ функциясының графигіне жүргізілген жанаманың теңдеуін жазыңыз: $f(x) = 4x - x^2$

№4. Ордината осімен қиылысу нүктелері арқылы $y = f(x)$ функциясының графигіне жүргізілген жанаманың теңдеуін жазыңыз: $f(x) = 2 + 4x - x^2$

№5. Абсциссасы $x = x_0$ болатын нүктеде $y = f(x)$ функциясының графигіне жүргізілген жанаманың теңдеуін жазыңыз: $f(x) = \frac{2x-1}{x-2}$, $x_0 = -1$

№6. Абсциссасы x_0 болатын нүктеде $y = f(x)$ функциясының графигіне жүргізілген жанаманың теңдеуін құрастырыңыз: $y = 2x + \frac{1}{x}$, $x_0 = 1$

№7. Абсциссасы x_0 болатын нүктеде $y = f(x)$ функциясының графигіне жүргізілген жанаманың теңдеуін құрастырыңыз: $y = 3 - 2\sqrt{x}$, $x_0 = 1$

№8. Ординатасы берілген нүктеде функцияның графигіне жүргізілген жанаманың теңдеуін жазыңыз: $y = x^2 - 3x$ және ординатасы 4.

№9. Берілген түзуге параллель болатындай етіп $y = x^2$ функциясының графигіне жүргізілген жанаманың жанасу нүктесінің координаталарын табыңыз: $y = 2x - 1$

№10. Берілген түзуге параллель болатындай етіп $y = x^2$ функциясының графигіне жүргізілген жанаманың жанасу нүктесінің координаталарын табыңыз: $y = -0,5x - 6$

№11. Берілген түзуге параллель болатындай $y = \frac{x^3}{3} - 3$ функциясының графигіне жүргізілген жанамалардың теңдеулерін жазыңыз: $y = 4x - 1$

№12. Берілген түзуге параллель болатындай $y = 1 - \frac{1}{x}$ функциясының графигіне жүргізілген жанамалардың теңдеулерін жазыңыз: $y = 4x - 3$

№13. $y = 2x - 1$ түзуіне параллель болатын $y = x^4 - 2x^2 + 2x - 1$ функциясының графигіне жүргізілген жанамалардың теңдеулерін жазыңыз.

№14. Ox осінің оң бағытымен 135° бұрыш жасайтын $y = 3 + 5x - 2x^3$ функциясының графигіне жүргізілген жанамалардың теңдеулерін жазыңыз.

№15. Абсциссасы $x = 2$ болатын нүктеде $y = x^2 - 3$ функциясының графигіне жүргізілген жанама теңдеуін жазыңыз.

№16. $x + y - 2 = 0$ теңдеуімен берілген түзуге параллель болатын $y = 1 - 2\sqrt{x}$ функциясының графигіне жүргізілген жанамалардың теңдеуін жазыңыз.

№17. Функция графигіне тиісті емес $A(2; -5)$ нүктесі арқылы өтетін $y = x^2 - 4x + 3$ функциясының графигіне жүргізілген жанамалардың теңдеуін жазыңыз.

№18. Функция графигіне тиісті емес $A(1; -5)$ нүктесі арқылы өтетін $y = x^2 - 2x$ функциясының графигіне жүргізілген жанамалардың теңдеуін жазыңыз.

№19. $y = x^2 - 4$ формуласымен берілген параболаның бойынан абсциссалары $x_1 = 1$ және $x_2 = 3$ болатын екі нүкте алынған. Осы екі нүкте арқылы түзу жүргізілген. Параболаның қандай нүктесінде жүргізілген жанама осы түзуге параллель болады?

№20. $A(1; 3)$ нүктесі арқылы өтіп, $y = 8\sqrt{x} - 7$ функциясының графигін жанайтын және $y = x^2 + 4x - 1$ функциясының графигін әртүрлі екі нүктеде қиятын түзудің теңдеуін жазыңыз.

№21. $y = 2x - 1$ формуласымен берілген түзу $y = 4\sqrt{x} - 3$ функциясының графигіне жанама бола ма?

№22. M нүктесі арқылы өтетін функцияның графигіне жүргізілген жанаманың теңдеуін жазыңыз:

- 1) $y = -x^2 - 7x + 8$, $M(1; 1)$,
- 2) $y = -x^2 - 7x + 8$, $M(0, 9)$.